ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ БІЛІМ
БАСҚАРМАСЫ
КӨПСАЛАЛЫ ИНДУСТРИАЛДЫ-
ТЕХНИКАЛЫҚ КОЛЛЕДЖІ
МЕМЛЕКЕТТІК КОММУНАЛДЫҚ
ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

Түркістан қаласы

РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН
УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ
ТУРКЕСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ
МНОГОПРОФИЛЬНЫЙ ИНДУСТРИАЛЬНО-
ТЕХНИЧЕСКИЙ КОЛЛЕДЖ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ КОММУНАЛЬНОЕ
КАЗЕННОЕ ПРЕДПРИЯТИЕ
город Туркестан

Мекен жайы: Түркістан қ. Байқоңыров 2а. код. 8-725-33 тел. 2-56-22. Эл.почта: Kl-21_Kairat@mail.ru

БҰЙРЫҚ

№ 20 26 қаңтар 2026 жыл

Бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды (тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді) жүзеге асыру кезінде өнім берушіні анықтау туралы

«Мемлекеттік сатып алу туралы» ҚР Заңының 16-бабының 5,6-тармағына, Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының 506-тармағына сәйкес

БҰЙЫРАМЫН:

1. «Қазақстандағы мемлекеттік кәсіпорындардың бухгалтерлік есебіне» қолжетімділікті және қолдауды қамтамасыз ету қызметін – «Garant Consulting LTD» ЖШС мен сатып алу бойынша 16-баптың 3-тармағының 28 тармақшасында шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру.
2. «Білім туралы мемлекеттік үлгідегі бланкілерді дайындау» қызметін – «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Банкнот фабрикасы» шаруашылық жүргізу құқығы бар РМК мен сатып алу бойынша 16-баптың 3-тармағының 10 тармақшасында шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру.
3. Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыруға және өткізуге жауапты мемлекеттік сатып алу менеджері Тулегенов Нурмаханбеткали Тулегеновичке жүктелсін:
   – ҚР Мемлекеттік сатып алу туралы Заңының 16-бабының 6-тармақшасында көзделген мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидатын сақтай отырып өнім берушіні анықтау;
   – өнім берушіге веб-портал арқылы электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырылған шарт жобасын жіберу;
   – шарт жасалған күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей бекітілген нысан бойынша шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу туралы есепті веб-порталда орналастыру.
4. Тікелей шарт жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен сатып алу туралы шешім қабылдау және МСТ Заңының 5-бабының 1-тармағына сәйкес мемлекеттік сатып алу қағидаттарын сақтау үшін жауапкершілікті өз мойныма аламын.

Директор **А.Абпазов**

Бұйрыққа

Колледж директоры
А.К. Абпазовқа

Қызмет хат

Тікелей шарт жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы шешім қабылданған жағдайларда, мұндай мемлекеттік сатып алу Заңның 5-бабының 1-тармағының 1), 4), 6) және 7) тармақшаларымен көзделген мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаты сақтала отырып жүзеге асырылады.

Мемлекеттік сатып алу туралы шартты тікелей жасасу жолымен бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы шешім қабылдаған тұлға Заңның 5-бабының 1) тармақшасында көзделген мемлекеттік сатып алу қағидаттарының сақталуын қамтамасыз етеді.

Ақпараттық жүйені сүйемелдеу және техникалық қолдау жөніндегі қызметті сатып алу үшін сома ҚҚС есептемегенде 520 000 теңгені құрайды, бұл өз кезегінде 28-тармақшада белгіленген 500 АЕК (500 * 4325 = 2 162 500 теңге) мөлшеріндегі шекті көлемнен аспайды, оның ішінде жоғарыдан ҚҚС есептеу есебінен жиынтық соманы ұлғайту кезінде.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 1 шілдедегі № 106-VIII ҚРЗ Заңының 5-бабы 1-тармағы 1-тармақшасының талаптарын сақтауда мемлекеттік сатып алу үшін пайдаланылатын ақшаны, оның ішінде сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің бағасы мен сапасы арақатынасын қамтамасыз ету арқылы оңтайлы және тиімді жұмсау үшін үш әлеуетті Өнім берушіден баға ұсыныстары алынды.

Жоғарыда айтылғандарды негізге ала отырып, шартты тікелей жасасу жолымен бір көзден шарт жасасу заңды, сондықтан Ақпараттық жүйені сүйемелдеу және техникалық қолдау жөніндегі қызметті бір көзден тікелей сатып алу жолымен шартты түзуге рұқсат беруіңізді сұранамын.

Бас есепші И.Т. Рысбергенова